

***Веренка ЖНББМ 9-қазақ сыныбының жылдық жоспары  
бойынша тәрбиелеу жұмысының есебі. 2023-2024 оқу жылы.***

2023-2024 жылдың тәрбие жоспары бойынша «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» –ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл бағдарламада негізгі Талап, Ар-ұят, Ұлттық мүдде құндылықтары қарастырылған. Осы құндылықтарды негізге ала отырып, Қыркүйек айында 1қыркүйек Білім күні «Мектебім – мейірім мекені!» атты тәрбие сағаты, Талап негізінде «Жол жүру ережелерін еске түсіреміз!», Ұлттық мүдде құндылығында «Менің тілім – менің досым», «Рәміздерім-мақтанышым», Ар-ұят «Ұстаз — ұлы тұлға» атты тәрбие сағаттары өткізілді. Қазан айында Ар-ұят құндылығы бойынша «Қарттарым – асыл қазынам!», Ұлттық мүдде «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық», Ар-ұят «Әдептілік – тәрбие бастауы», «Кішілерге камқорлық» тақырыбында тәрбие сағаттары өтілді.

Бұл өткізілген тәрбие сағаттары,әңгімелесулер,кездесулер,мерекелік іс-шаралаға балалар ерекше ықыласпен белсене қатысты.

«Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» атты тәрбие сағаттары өткізілді. Желтоқсан айында Ар-ұят құндылығы бойынша «Құқықбұзушылық және жасөспірім», Ұлттық мүдде «Тәуелсіздік бағы жетпес байлығым», «Жаңа жылдағы қауіпсіздік ережелері» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. Қаңтар айында «Мейірімділік сенен басталады», «Қазақтың батыры, көрнекті ақыны Махамбет Өтемісұлының туғанына 220 жыл», «Қайырымдылық жылы жүректен» тақырыбында тәрбие сағаттары өтті. Ақпан айында «Атадан қалған-асыл мұра», «Цифрлық сауаттылық-заман талабы» тақырыбында тәрбие сағаттары жалғасын тапты. Наурыз айында «Алғыс айту-парызым!», «наурыз – Ұлыстың Ұлы күні» тақырыбында тәрбие сағаттары жүргізілді. Қосымша бұйырыққа сай жоспардан тыс шаралар ұйымдастырылып отырды. Ата-аналарды педагогикалық қолдау бойынша жұмыстар жүргізілді. Олар : «Бұлақ көрсең – көзін аш» тақырыбында өткізілді. Сәуір айында жоспарланған тәрбие сағаттары, мамыр айында жоспарлы түрде және қосымшадан тыс тәрбие сағаттары жүргізілді. Оқушылар белсене қатысып, бұл тәрбие сағаттары мен іс-шараларла, әңгімелесулерде, кездесулерде балалар ерекше ықыласпен қатысты.

***Класс жетекшісі:***



***Наурызбайұлы Ернұр***